



Мемлекет басшысы Қорғаныс министріні таныстырды

Қазақстан Президенті – Жоғарғы Бас Қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамымен кездесу өткізіп, жаңадан тағайындалған министр Мұрат Бектановты таныстырды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы жана министрдің білімі мен тәжірибесі Қарулы Күштерге жүктелетін міндеттерді орындауға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев әскер әлемдегі және аймақтағы күрделі жағдайда кез келген сыртқы қауіп-қатерге тойтарыс беруге, мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болуы керек екенін айтты.

Президент Арыс пен Жамбыл облысының Байзақ ауданындағыдай төтенше оқиғаларға жол бермеудің аса маңызды екенін тоқталды. Бұл ретте Жоғарғы Бас Қолбасшы ок-дәрілер қоймала-

рындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде берген тапсырмасын әскерилердің есіне салып, бұл бағытта бірқатар жұмыстар атқарылғанын, дегенмен әлі де шешімін күткен түйінді мәселелердің бар екенін атап өтті. Мемлекет басшысы Қорғаныс министрлігіне бірқатар міндет жүктелді.

Жоғарғы Бас Қолбасшы ок-дәрі сактайтын барлық қоймаларда және басқа да қару-жарақ сактайтын жерлерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде түбегейлі шешім қабылдауды, сондай-ақ елді мекендерден алыс жерде ок-дәрі сактайтын заманауи қоймалар салу жұмыстарын жылдамда-

туды тапсырды. Бұған қажетті қаражат «Қауіпсіз ел» Ұлттық жобасынан қарастырылуы тиіс.

Мемлекет басшысы жиын соңында жана министрге және барлық әскерилерге аса жауапты қызметте табыс тіледі. Тағайындалған министр Мұрат Бектанов Үкімет мүшесі ретінде ант қабылдады.

Жиын барысында отставкаға кеткен бұрынғы министр Нұрлан Ермекебаев сөз сөйлеп, Президенттен, Жамбыл облысының Байзақ ауданында болған қайғылы оқиғадан қаза тапқандардың ағайын-туысынан және зардап шеккендерден кешірім сұрады.

Құттықтау жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасы Президенті Садыр Жапаровқа жеделхат жолдап, қазақстандықтардың және жеке өзінің атынан Қырғыз Республикасы басшысын және қырғыз халқын ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

– Бұл – егемен Қырғыз Республикасы тарихындағы ұлттың бірлігін, тұрақтылығын, жасампаздық рухын бейнелейтін, мемлекеттілікті одан әрі нығайту, қырғыз елінің ұзақмерзімді және тұрақты дамуы үшін мәңгілік маңызды күн, – делінген жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қырғыз қатынастарының дамуын жоғары бағалады.

– Тарихы терең бауырлас халықтардың ортақ мүдделері мен ғасырлар бойғы достығы және татукөршілік дәстүрін сактай отырып, Тәуелсіздіктің алғашқы сәтінен-ақ казак пен қырғыз иық тіресіп, өзара жетістіктерге шынайы қуанып, бір-біріне үнемі қолдау көрсетіп келеді. Күш-жігерімізді жұмылдырып, көп қыр-




лы ынтымақтастығымыздың тұрақты дамуына тың серпін бере алатынымызға сенімдімін. Бұл казак-қырғыз стратегиялық серіктестігі мен одақтастығы үшін жана көкжиектерге жол ашады, –

деп жазды Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровтың жауапты мемлекеттік қызметіне толағай табыс, бауырлас қырғыз халқына өркендеу мен өрлеу тіледі.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУ ЖАРИЯЛАЙДЫ

Бүгін, 1 қыркүйекте, сағат 11.00-де ҚР Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жариялайды. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-тегі парақшасында жариялады. Жолдау еліміздің алдағы әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын айқындайды. Іс-шара барлық республикалық телеарналардан тікелей эфирде көрсетілетін болады.

Жаныңда жүрген жанашыр



Тараз маңындағы жарылыс елді есеңгіретіп кетті. «Ажал айтып келмейді» десек те, бұл оқиғаның зардабы оңай тиген жоқ. Қаншама отбасы азаматын жоғалтты, қаншама ата-ана баласынан айырылды. Жарылыс болған күні сол маңдағы ауылдардан ел үдере көшті. Бір жағы үрей, бір жағы жарылыс аймағы болған соң, оларға бас сауғалауға тура келді. Дүрбелең кезінде әртүрлі оқиғалардың болуы заңдылық. Тіпті, сол түні такси бағасын үш есе көтергендер де болыпты. «Бағаны кім қалай қойғысы келсе, солай қойды. Баға көтеріліп, адамдар шағымдана бастады. Таңертең келсек, бір көлікке 30 мың, 35 мың теңге сұрағандар болды», – дейді тұрғындар. Алайда, осынау сын сағаттарда алғашқы болып көмек қолын созғандар да такси жүргізушілері. Шымкенттен жанұшыра жеткен жүргізушілер теміржолда, автобуста қалып қойған жолаушыларды тегін тасымалдаған. Осылайша, үрейленген жұртты жолда қалдырмай, діндеген жеріне жеткізген ағайынға елдің де алғысы шексіз. Жалпы, мұндай қиын-қуыста тұста көбіне қайырымды адамдар көмекке ұмтылып жатады. Бұған Арыс пен Маңғыстаудағы қуаңшылықты мысалға келтіруге болады.

(Жалғасы 5-бетте)

Тоқаев Александр Лукашенкомен сөйлесті

Қасым-Жомарт Тоқаев Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенкомен телефон арқылы сөйлесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшылары Қазақстан мен Беларусь қарым-қатынасының негізгі аспектілерін талқылады.

Президенттер екі ел арасындағы сауда-экономикалық дамудың оң динамикасын атап өтті.

Екі ел басшылары халықаралық және аймақтық күн тәртібінің өзекті мәселелері бойынша да пікір алмасты. Қазақстан мен Беларусь Республикасының Еу-



разия кеңістігіндегі интеграциялық құрылымдар аясында өзара ынтымақтастығына ерекше назар аударылды.

Әңгіме соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Лукашенконы туған күнімен құттықтады.

Үйді үйден шықпай-ақ сатып алуға болады

Ұлттық экономика министрлігі үлескерлік құрылыс саласын толық цифрландыруға кірісті. Енді пәтер сатып аламын деген адамдар салушының кеңсесіне бару қажеті жоқ: компания мен клиент арасында электронды шартқа көшу жоспарланып отыр. Оның күші қазіргі қағаз құжатпен теңестіріледі. Бұған қоса, баспананы рәсімдеу де электронды түрде жүрмек. Мұның бәрі өзге облыстардың тұрғындарына, тіпті шетелдіктерге қалаларымызда қашықтан үй сатып алуға жол ашпақ. Бұл отандық жылжымайтын нарыққа соны серпін бере ме?

ҚАҒАЗ ҚҰЖАТТЫ ЭЛЕКТРОНДЫ БИҒЫСТЫРМАҚ

Ұлттық экономика ведомствосы «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңына өзгерістер енгізетін жана заң жобасын әзірледі. Айта кету керек, қолданыстағы заң құрылыс компаниясы мен үлескер арасында тек жазбаша келісім бекітілуін талап етеді. Оның 11-бабында: «1. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт жазбаша нысанда жасалады және осы заңның 12-бабында көзделген тәртіппен көп-пәтерлі тұрғын үйдің орналасқан жеріндегі жергілікті атқарушы органдар оны есепке қойған кезден бастап жасалған болып есептеледі», – деп нақты көрсетілген.

(Жалғасы 6-бетте)



Аза тұтқызған адам факторы

29 тамыз күні елімізде Аза тұту күні жарияланды. Ол Жамбыл жеріндегі жарылыстан құрбан болғандарға арналған еді. Бұл – ел тарихындағы оныншы Аза тұту күні. Өкініштісі, Аза тұтуға себеп болған оқиғалардың барлығында дерлік адам әрекетінің ізі бар.

АЛҒАШ РЕТ 2006 ЖЫЛЫ АЗА ТҮТУ КҮНІ ЖАРИЯЛАНДЫ

«Өткен күнде белгі жоқ» деп жатады ғой халық, бірақ артта қалған сәттердің естеліктері санада сақталып, құжаттарда хатталып қалатыны бар. Қазақстанда түрлі деңгейдегі апаттар, адам өліміне апарып соққан оқиғалар аз болмаған. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі бірер жылдың өзінде ел болып қайғыратындай оқиғалар болған-ды. Мәселен, 1995 жылғы 17 сәуірде Тәжікстан мен Ауғанстан шекарасында қазақстандық бітімгерлер ауғанстандық қарулы топтың шабуылына ұшыраған-ды. Сол ұрыста 17 сарбазымыз мерт болып, 33-і жараланған еді. Бірақ ол кезде Аза тұту күні жарияланған жоқ. Сонымен қатар 1994 жылғы 7 шілдеде «Қазақстанская» шахтасында метан жарылып, 7 адам мерт болды. 1995 жылғы 24 қарашада Шахтинскідегі Ленин атындағы шахтада да метан жарылды. 13 кенші қайтыс болды. 1994 жылғы 16 наурызда Актас елді мекеніндегі шахтадағы өртті сөндіру кезінде 11 құтқарушы мерт болды. Қысқасы, 90-жылдары төтенше оқиғалар аз болмады.

6 >>



